



**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**Тақырып: Араб-Мұсұлман және
батысеуропалық философия**


С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ

Орындаған: Жамалбек А С
Тексерген: Нұргүл Мейрамовна
Группа: 003-02
Факультет: стом.


АЛМАТЫ 2016

Орта ғасыр философиясы – адамзат дүниетанымының даму кезеңдерінің бірі.

- 1) Батыс Еуропалық орта ғасыр философиясы. Ортағасырлық Еуропа философиясы өзінің бар ақыл-ойын христиан дінінің қасаң қағидаларын негіздеуге салып, дін ілімінің қызметшісіне айналды.
- 2) Ортағасырлық мұсылман философиясы. Мұсылман әлемінің ойшылдары ежелгі грек ғылымы мен философиясымен қатар, философиялық дәстүрлерді одан әрі жалғастырып, дамытқан.




Ортағасырлық Батыс Еуропада христиан дінін идеологияландыру, философияны негіздеу процесі жүріп жатса, мұсылман әлемінде, әсіресе, VII – X ғасырларда философия мен ғылым өзінің гүлденген кезеңін бастан кешірді. Бұл кезеңде алгебра, психология, астрономия, химия, география, медицина, т.б. ғылым салалары қарқынды дамыды. Мұсылман әлемінің философтары мен ғалымдары Батыстың ғылымы мен философиясының қалыптасуына дүниетанымдық жағынан зор ықпалын тигізді. Батыс әлемі мұсылмандық Шығыс философиясы арқылы алғаш рет ххантикварлы мәдени мұраменъь, сондай-ақ Шығыс мәдениетінің жетістіктерімен танысты. Ислам философиясының бастапқы негізін қалаушылар қатарында әл-Кинди мен әл-Фараби тұрды. Ортағасырлық дәуірде “арабтардың философы” атанған әл-Кинди (800 – 879ж) философ қана емес, дәрігер, математик, астроном ретінде де белгілі. Оның пікірінше, Құдай материяны, форманы, қозғалысты, кеңістік пен уақытты жаратқан. Пайда болған нәрсе қозғалыстың нәтижесінде өзгереді және ақыр соңында жойылады, ол – мәңгілік емес, оның соңы бар. Әл-Кинди жаңа платоншылдыққа жақын болса, әл-Фараби X ғасырдағы Аристотельдің ізбасары болды.



Әл-Фараби саяси философия мен этикаға ерекше мән берді, өйткені, солардың арқасында шын мәніндегі бақытқа қол жеткізуге болады, бұл бақытты алдамшы бақыттан ажырата білу керек деген, Әл-Фараби жақсылық тілеуші қаланы надан, адасқан қалаға қарсы қояды, ақ ниетті адамдар үшін өтірік айту, алдап-арбау және астамшылық жат нәрсе деген. Рухтың еркіндігі туралы Әл-Фараби шығармаларында өте анық жазылған. Фарабидің қолжазбалары әлемнің көптеген кітапханаларында сақталған. Әл-Фарабидің осы еңбектері арқылы ортағасырлық ғылым қалыптасты, оның ықпалымен Ибн Руштің, Ибн Синаның, Омар Хайямның, Роджер Бэконның, Леонардо да Винчидің және өзге де ойшылдардың дүниетанымы қалыптасты.




Әл-Фарабидің көптеген философиялық идеялары батыс Еуропа философияның идеялары мен тұжырымдамаларының қалыптасуы мен дамуына, әсіресе Б.Спинозаның философиясы көзқарасына ықпалын тигізді. Орта ғасырлардағы философия мен ғылымның дамуына энциклопедист-ойшыл ибн Сина (980 – 1037ж) зор үлес қосты. Әл-Фарабидің кейбір идеяларын одан әрі жалғастырған ибн Сина надандыққа қарсы шығып, ақыл-ой үстемдігі үшін күресті. Философия мен теологияның ара жігін ажыратып, олардың мәртебесі туралы идеяны ибн-Рушд қосақиқаттылық туралы теориясында одан әрі жалғастырды. Философия дамуындағы рационалистік бағытты шығыстың Закария әл-Рази, әл-Маари, Омар Хайям, ибн Абдаллах, ар-Раванди сынды танымал ғалымдары мен философтары дамытты. Ортағасырлық мұсылман ойшылдары сопылық дүниетаным негізінде тың тұжырымдар жасады. Нақты өмірдегі рухани бөлектену орын алатынын ескере отырып, сопылықтың данагөйлері рухани-адамгершілік тұрғыда толысудың жолын ұсынды (қ. Сопылық). Сопылық дүниетанымның көрнекті өкілдері: І.А. Иасауи, А.Иүгінеки (ХІ ғасыр), ибн Араби (1165 – 1240ж), әл-Хуруфи (1339 – 93/94ж), Әнуар Қасими (ХІV ғасыр), Мағриби (ХV ғасыр), Рузбехан Богли (ХVІІІ ғасыр), т.б. болды. Сопылық ілімнің өкілдері Құдай туралы ойды дамытып қана қоймай, рухани жетілген адам туралы, олардың өмірде әділетсіз мемлекетке, қоғамның азғындауына үнемі қарсы тұратыны туралы идеяларды насихаттайды.



Түркі суфизмінің негізін қалаушы, ойшыл және ақын Қожа Ахмет Яссауи ортағасырда өмір сүріп артында мол мұра қалдырды. Оның өмірі мен қызметі Яссы (Түркістан) қаласымен тығыз байланысты. Оның "Диуан-и хикмет" атты кітабы сақталған. Яссауи түркі суфизмінің көшбасшысы. "Диуан-и хикметте" исламның негізгі ережелері мен қағидалары баяндалады. Автор 4 ұстанымды, атап айтқанда, шариатты, тарихатты, хакихатты, мағрифатты түсіндіруге ерекше мән береді. "Шариат" - ислам дінінің заңдары, дәстүрі, салт-дәстүрі, "Тарихат" - суфизм идеясы, "Хакихат" - құдайға құлшылық ету, бірігу. "Мағрифат" - дінді танып-білу. Яссауидің пікірінше, шариатсыз, тарихатсыз, мағрифатсыз хакихат жоқ. Ол "Хикметте" Алланың атын түріктер бұрын өзінің құдайы санаған Тәңір атымен жиі алмастырып отырған. Түріктер жаңа исламдық өркениетке көшкен соң да халықтың даму бағытын бір арнаға салуға күш жұмсады. Демек, жаңадан енгізілген идеологияны бұқараның ғасырлар бойы қалыптасып қалған сана-сезімінен, олардың ұстанып келген Тәңірге табынушылық - шаманизммен, зороастрийлікпен біріктіре білудің орны ерекше болған, кейін мұндай процесс "Түркі халқының мұсылмандығы" деген атауға ие болды. Осы орайда яссауилік ілім зор рөл атқарды, ол әділдікті, рухани тазалықты және адамның рухани дамуын жетілдіруді насихаттады, ал мұндай игі қадам түркі халықтарының көңіліне қонды. Егер рухани күш болмаса, құдайға шын көңілмен сенбесе, тіпті соған орай өзін-өзі құрбан етуге дейін бармаса, адамның өзін-өзі тануы мүмкін емес, - деген қағиданы ұстанған Ахмет Яссауи өзінің барлық ғұмыры мен қызметін тап осындай идеялық-өнегелік жолға арнады.



Әбу Әли Ибн Сина - ортағасырлық рационалдық монотеист. Шығыста ортағасырлық қоғамтану дамуының ерекше айырмашылығы оның ислам дінімен тығыз байланысында, Құранды ғылыммен тануынның қойнауында болды. Әл-Фараби мен Ибн Сина антикалық философия алыптары-Аристотель, Платон және т.б. шығармашылықтарымен өте жақсы таныс ғұлама-энциклопедистер ғана емес, сонымен бірге өздері құрандық құндылықтарды ғылыммен насихаттаған терең рухани тұлғалар бола отырып, сол замандағы ғылым мен философия дамуының әлемдік биік деңгейіне қол жеткізді. Рационалдық монотеистер бола тұра, олар кітаптарында көптеген мәселелердің шешілуіне үлес қосты, атап айтқанда: дін мен философияның арақатынасы; сенім мен білім мәселелері; ғылымның мәні мен шығу тегі, оның қоғам өміріндегі рөлі; адамның әлемдегі мақсаты мен тағдыры және т.б. Ибн Синаның «Білімдер кітабы», «Жан туралы», «Этика туралы» трактаттары оның онтологиялық және гносеологиялық көзқарастарын бейнелейді, оның шығармашылығының психологиялық және адамгершілік қырларын айқындайды, адамның әлемді тануы туралы ілім дамуының аса маңызды мәселелерін көрсетеді, танымдық процестің құрылымын, адамның жаны мен психикалық әрекеттің механизмдерін, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуын, сондай-ақ адамды қоршаған әлемнің дамуы мен құрылысы туралы монотеистік негізі бар физикалық көзқарастарын білдіреді.



Әл-Фараби философияының Ибн Сина философиялық көзқарасына ықпалы туралы Ибн Синаның өзі былай дейді: «Ғылымдарды-логиканы, физиканы және математиканы игеріп алып, мен метафизикаға /үйренуге/ қайта бет бұрдым және «Метафизика» кітабын оқып шықтым, алайда онан ешнәрсе түсінбедім және ондағы жазушының мақсаты маған жұмбақ күйінде қалды. Мен оны қырық мәрте қайта оқып шықтым және оны жаттап алдым, бірақ мұның барлығында да не оны, не оның көздеген мақсатын түсінбедім.

Шарасыздықтан мен өзімше ұйғардым: «Бұл кітапты ұғынудың еш жолы жоқ!». Бірақ бірде мен түстен кейін /базарға/ кітап түптеушілерге бардым. Бір саудагер-делдал қолына бір кітапты ұстап алып оны дауыстап мақтап тұрды... Мен оны сатып алдым. Бұл Әбу Насыр әл-Фарабидің «Метафизика кітабының мақсаттары туралы» деп аталатын шығармасы екен. Үйге келісімен мен оны оқып шығуға асықтым және сол кезде мен басынан аяғына дейін жаттап алған сол кітаптың мақсаты алдымнан ашылып шыға келді»